**Айдана Айтукызы Отыншиеваның «Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбында 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ресми рецензенттің берген**

**СЫН-ПІКІРІ**

**І. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Елімізде бірқатар құқықтық актілер жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтап, бекітті. Сонымен қатар мемлекет адам құқықтары мен бостандықтарын жариялай отырып, оның қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

Елімізде адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау аясында түрлі проблемалар туындап жатыр. Ол мәселелер адамдардың құқықтарын іске асыру барысында пайда болатыны анық. Осы орайда мемлекет өзінің қызметін үнемі жетілдіріп, дамытып тұрғаны қажет.

Қазіргі кезде қоғамдық процестердің дамуы жеке тұлғаның еркіндігі мәселесін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану және қамтамасыз ету мәселелерін мемлекеттің ішкі шеңберінен тысқары жерге алып шығып отыр, сондай ақ оларды қазіргі заманғы әлемдік дамудың бірқатар жаһандық проблемаларына жатқызуға әбден болады. Адамның құқықтары мен бостандықтарын иелену деңгейін және олардың нақты орындалуын белгілейтін конституциялық ережелер арасында айтарлықтай алшақтық бар екенін атап өткен жөн.

Адам құқықтарын қорғау механизмдері ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың заңи әрі жалпылама кепілдіктерін қамтиды. Осыған байланысты жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру механизмін теориялық тұрғыдан түсіну, оларды нақты мазмұнмен толтырудың жолдарын іздеу маңызды әрі өзекті болып табылады.

Елімізде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін оның негізгі құрамдас бөлігіне кепілдік беру мәселесін, шет елдік заңнамалар бойынша тұлғаның құқықтық мәртебесін жан-жақты зерттеу қажет, шет елдік тәжірибенің оң, ұтымды тұстарын еліміздің практикасына ендіру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда А.А. Отыншиеваның диссертациялық қолжазбасы осы өзекті мәселені түбегейлі зерттеуге арналған монографиялық деңгейдегі жұмыс болып табылады.

**ІІ. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінің жаңа ғылыми нәтижелердің сипатын ие екендігін көрсетеді.

Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған және қазіргі заманғы теориялық және әдіснамалық негізге сүйене отырып, келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізген:

**Бірінші нәтиже**. Ізденуші жаһандану жағдайында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтаған, өзіндік тұрғыдан жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі терминінің мағынасын ашуға және анықтауға тырысқан.

**Екінші нәтиже.** Ізденуші адам құқықтары институтының арықарай дамыту жолдарын қарастырған, азаматтық институтын зерттеген, оны арықарай жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасаған.

**Үшінші нәтиже.** Ұлыбритания елінде адамдардың құқықтарының алатын орны, маңызы, мазмұны ашылды, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы зерттелді.

**Төртінші нәтиже.** Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді, халықаралық құқық нормаларының ұлттық заңнамаға имплементациясы зерттелді.

**Бесінші нәтиже.** Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінде адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жолдары мен бағыттарына қатысты тәжірибесі зерттелді, шетел тәжірибесін қолдану жөнінде ұсыныстар енгізілді.

**III. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Диссертанттың қорғауға шығарған тұжырымдары мен ұсыныстары теориялық тұрғыдан алғанда негізді және шынайы болып табылады, өйткені олар мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, салыстырмалы құқықтану бойынша қол жетімді құқықтық әдебиеттерді автордың жан-жақты зерттеуіне сүйенеді және автордың Қазақстан Республикасының және Ұлыбритания мемлекетінің қолданыстағы заңнамасын, салыстырулар арқылы зерттеуіне негізделген.

**Бірінші нәтиже.** Негізді әрі шынайы, өйткені жаһандану кезеңінде жеке адамның құқықтық мәртебесін анықтауға арналған құқықтық зерттеулерді, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, құқықтық актілерді зерттеу негізінде алынды.

**Екінші нәтиже.** Негізді әрі шынайы, өйткені Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарының даму тарихын отандық ғылыми еңбектерді, ҚР азаматтық заңнамасын, адам құқықтары саласындағы арнайы ғылыми еңбектерді, халықаралық құжаттарды зерттеу және талдау негізінде алынды.

**Үшінші нәтиже**. Негізді әрі шынайы, өйткені Ұлыбританияда жеке адамның құқықтық мәртебесіне қатысты тұжырымдамалар, ғылыми көзқарастар, теориялар, ғылыми еңбектер, Ұлыбритания мемлекетінің заңдары, монографиялық әдебиеттерді зерттеу негізінде алынды.

**Төртінші нәтиже.** Негізді әрі шынайы, өйткені Қазақстан

Республикасында және Ұлыбритания мемлекетінде азаматтық институтының дамуын зерттеу барысында отандық қолданымдағы құқықтық актілерді, халықаралық құжаттарды саралау, ғылыми еңбектерді зерделеу, статистикалық мәліметтер негізінде алынды.

**Бесінші нәтиже.** Негізді әрі шынайы, өйткені адам құқықтарының қорғалуы саласындағы құқықтық актілерді, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, халықаралық құжаттарды зерттеу негізінде алынды.

**IV. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағиданың) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші нәтиже.** Бұл нәтиже ішінара жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші жалпыға мәлім жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізгі терминіне қосымша болатындай өзіндік, авторлық анықтама беруге тырысқан, жаһандану жағдайында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтаған.

**Екінші нәтиже.** Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші азаматтық саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныс жасаған.

**Үшінші нәтиже**. Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені ізденуші Ұлыбритания елінде адам құқықтарының қорғалуы, азаматтық институтының даму тұжырымдамаларын зерттеген.

**Төртінші нәтиже.** Бұл нәтиже де жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші елімізде азаматтық институтын жетілдіру үшін халықаралық құқық нормаларын және шет ел тәжірибесінің жақсы жақтарын енгізу жөнінде ұсыныстар жасаған.

**Бесінші нәтиже.** Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені ізденуші шетелдік тәжірибені қолдану негізінде адам құқықтарын қорғау заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасаған.

**V. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Зерттеу барысында диссертанттың қол жеткізген нәтижелері және автормен қалыптастырылған теориялық тұжырымдары мен ұсыныстары жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын және азаматтық туралы ұлттық заңнаманы одан әрі реформалау мен жетілдіруге негіз бола алады, сонымен қатар оқу процесінде мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, салыстырмалы құқықтану және басқа да құқық салаларын оқытуда қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл еңбек шетел конституциялық құқығы ғылымының дамуына белгілі бір үлесін қосады, өйткені жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі институтын жан-жақты зерттеуге арналған еңбек болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері адам құқықтарын қорғау бойынша бағдарламалық құжаттарды әзірлеуде, сондай-ақ көтерілген мәселелер бойынша заң шығару және құқық қолдану процесінде қолданылуы мүмкін.

**VI. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне**

**растама.**

Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде барлығы 11 мақала жарияланды, оның ішінде ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған журналдарында 5 мақала, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 мақала, халықаралық базаға кіретін Scopus компаниясының журналында 1 мақала жарық көрген. Олар мыналар:

а) бір мақаласы Scopus базасына енетін басылымда басылған:

1. Otynshiyeva A., Ibrayeva A., Castellino J., Baimakhanova D., Baikenzheyev A. International and legal aspects of citizenship on the basis of analysis of the legislation in Kazakhstan and Great Britain // International Journal of Public Law and Policy. - 25 Jan, 2019. - №6(2).-DOI: 10.1504/IJPLAP.2019.097539. – p.138-154. https://www.inderscience.com/info/inarticle.php?artid=97539

б) бес мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген баспаларда жарық көреген:

1. Отыншиева А.А., Ибраева А.С. Ұлыбритания заңнамасы бойынша азаматтық институтының мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2016. – 2(78).– Қазақ университеті. – 380-385 б.

2. Отыншиева А.А., Ибраева А.С., Байкенжеев А.С. Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания мемлекетінде адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журналы. – 2016. – №6 (42). – 55-58 б.

3. Отыншиева А.А., Ибраева А.С., Байкенжеев А.С. Институт гражданства: сравнительно-правовой анализ законодательства Республики Казахстан и Великобритании // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2017. – 2(82). – Қазақ университеті. – с.12-23.

4. Отыншиева А.А., Ергали А.М., Кастеллино Дж., Ләзим А.М. The institute of Kazakh citizenship by Kazakhstani legislation // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2018. –3(87). – Қазақ университеті. – p.74-80

5. Отыншиева А.А., Исабеков А.К., Махамбетсалиев Д. The role of the US supreme court in the legal system // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2019. – 1(89). – Қазақ университеті. – p.170-176

в) бес ғылыми мақала Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында басылып шығарылды:

1. Ибраева А.С., Кастеллино Дж., Оспанова Д.А. All about British citizenship // Eurasian Journal of Social Sciences and Humanities. – Kazakh University. – 2016. – 2(4). – p. 51-54

2. Отыншиева А.А., Ибраева А.С. Issues of Kazakh citizenship by Kazakhstani law // XI Международной научно-практической конференции. – «Наука и технологии: шаг в будущее – 2017». - Прага, 2017. – p. 82-86

3. Ибраева А.С. Тұрат Н. А., Отыншиева А.А. Азаматтық институтының шекаралары: шетелдік конституциялық-құқықтық жүйе аясында салыстыру // Материалы XII Международной научно-практической конференции «Научное

пространство Европы – 2016». - Vol 5. Право: Наука и студия. – Польша, 2016. – 57-61 б.

4. Ибраева А.С., Отыншиева А.А. Қазақстандағы Көпмәдениеттіліктің (Мультикультурализмның) құқықтық аспектілері // Әлеуметтік ғылымдардың «Әл-Фараби» атты I Халықаралық Конгресі. – 11-14 май, 2017. - Газиантеп қаласы, Түркия. - 721- 726 б.

5. Ибраева А.С., Отыншиева А.А. Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания мемлекетінде адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары: салыстармалы зерттеу // Студенттер мен жас ғалымдарының "Фараби әлемі" атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – 10-13 сәуір, 2017 ж. // Алматы, Қазақстан. – 32-33 б.

**VII. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертация жоғары бағаға лайықты, бірақ бірлі жарымды ұсыныстарды талап етеді:

1) Диссертация авторы табиғи құқықтың маңызын, оның қазіргі кездегі мәні мен орнын тереңірек талқылауы керек еді, сонымен қатар, Қазақстанда табиғи құқықтың жүзеге асырылу ерекшеліктерін, өмір сүру құқығы, өлім жазасы мәселелерін талқылауы қажет еді.

2) Автор адам құқықтары туралы халықаралық құқықтық құжаттарды, атап айтқанда 1950 жылғы Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау бойынша Еуропалық Конвенция және Еуропалық әлеуметтік Хартиясын, 1966 жылы қабылданған Экономикалық, саяси және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакті және 1966 жылы қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және оның 1989 жылғы Факультативтік Хаттамасын, 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева Конвенцияларына қосымша және халықаралық емес қарулы қақтығыстарда құрбандарды қорғау туралы Хаттамасын, Біріккен Ұлттар Ұйымының трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясын, Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенциясын және т.б. кеңінен қолданып, тереңірек талқылауы керек еді.

Жоғарыда айтылған ескертулер тек ұсыныстық сипатта болып табылады және диссертацияның мазмұнына кедергі келтірмейді.

**VIII. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сын пікір беруге ұсынылған жұмыс өзекті ғылыми мәселені шешуге ұмтылған, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің теория және практика үшін маңыздылығы бар жеке ғылыми ізденіс болып табылады.

Диссертацияның нәтижелері, қорытындылары, тұжырымдары өте жоғары деңгейге лайық, жұмысты өзекті тақырыпқа жазылған деп тануға болады.

А.А. Отыншиеваның «Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша

жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбындағы диссертациясы қойылатын талаптарға сәйкес келеді және оның авторына 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**
**заң ғылымдарының докторы,**
**Тұран университетінің профессоры** **Д.К. Нурпеисов**

«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІ» МЕКЕМЕСІ
АЛМАТЫ Қ-СЫ «ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІ» МЕКЕМЕСІ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН г.АЛМАТЫ УЧРЕЖДЕНИЕ «УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН»
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН г.АЛМАТЫ УЧРЕЖДЕНИЕ «УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН»

Д.К.Нурпеисовтың қолын растаймын. «Тұран» университетінің ҚКЖБ бөлімінің бастығы

«___» _____ ж.